

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен Жамбыл облысына қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 сәуірдегі N 324 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының әкіміне білім беру объектілерінің құрылысын салу және күрделі жөндеу, Шу өзенінің жағалауларын нығайту және арналарын түзету жұмыстары жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ бұрын орындалған авариялық құтқару жұмыстарын өтеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 800000000 (сегіз жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2005 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі